

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 28 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 наурызда № 3862 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 21 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 18.02.2016 № 21 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының басшысы (Е. Р. Тұрмағамбетов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

4. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 6 "2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Есалиев

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге) |
|---|---|---|--|---|--|
| Балабақша (жергілікті бюджет) | | | | | |
| Шыңғырлау ауылы | Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімінің "Айгөлек" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 70 | 21 190 | 21 190 | 4 500 |
| Тасмола ауылы | Шыңғырлау аудандық білім беру бөлімінің "Балауса" бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 40 | 27 708 | 27 708 | 4 500 |
| Белогор ауылы | Шыңғырлау ауданы Белогор селосының "Қарлығаш" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 25 | 40 623 | 40 623 | 4 500 |
| Шыңғырлау ауылы | Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Әкімдігінің "Бөбек" балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 80 | 21 458 | 21 458 | 4 500 |
| Лубен ауылы | Шыңғырлау ауданы Лубен селосының "Арай" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 40 | 23 958 | 23 958 | 4 500 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|-----------------|--|----|--------|--------|-------|
| Шыңғырлау ауылы | Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының "Шыңғырлау аудандық "Шұғыла" балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 60 | 19 166 | 19 166 | 4 500 |
| Шыңғырлау ауылы | Шыңғырлау аудандық білім беру бөлімінің "Шыңғырлау аудандық "Қызғалдақ" балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 58 | 21 551 | 21 551 | 4 500 |
| Шыңғырлау ауылы | Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің "Балдырған" бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 25 | 38 896 | 38 896 | 4 500 |